



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2022 ж. 27 шілде № 248

Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

«Генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға 2022 жылға арналған аукциондық сауда-саттық өткізу графигін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2022 жылғы 14 қаңтардағы № 17 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 65-бабының 3-тармағына, және Қазақстан Республикасы Энергетика министрі міндетін атқарушының 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 161 бұйрығымен бекітілген Генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға арналған аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларының 5 және 5-1-тармақтарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға 2022 жылға арналған аукциондық сауда-саттық өткізу графигін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2022 жылғы 14 қаңтардағы № 17 бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға 2022 жылға арналған аукциондық сауда-саттық өткізу графигі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің Электр энергетикасын дамыту департаменті осы бұйрықты қол қойылған күнінен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министрдің
міндетін атқарушы



Ә. Мағауов

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2022 жылғы «17» шілде
№178 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2022 жылғы 14 қаңтардағы
№ 17 бұйрығымен
бекітілген

**Генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілген генерациялайтын қондырғыларды
салуда 2022 жылға арналған аукциондық сауда-саттық өткізу графигі**

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Аукционды сауда-саттық күні	Аукциондық сауда-саттықты өткізу уақыты (Нұр-Сұлтан қаласы уақытымен)	Аукциондық сауда-саттыққа қатысу үшін құжаттарды қабылдау кезеңі	Қазақстан Республикасының бір тұрғын үй энергетикалық жүйесінің аймағы	Түрі	Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің көлемі, мегаватт (бұдан әрі — МВт)	Шекті аукциондық тарифтің шамасы, тг/МВт*ай	Пайдалануға берудің талап етілетін күні, шарттың қолданылу мерзімі	Аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз етудің қажетті көлемі, теңге	Электр қуатын сатып алу шартының орындалуын қаржылық қамтамасыз етудің қажетті көлемі, теңге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 161 бұйрығымен бекітілген
Генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілген генерациялайтын қондырғыларды салуда арналған
аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларының 45-тармағына сәйкес

13.07.2022 ж.	10:00 сағат	27.05.2022 ж. бастап 13.06.2022 ж. дейін	Оңтүстік аймақ (Қызылорда облысы)	Бу-газды қондырғысы (жылу энергиясын берумен)	240	11 612 100	2025 ж.	2 151 146 000	240 000 000
<i>Қағидалардың 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес</i>									
15.07.2022 ж.	10:00 сағат	01.06.2022 ж. бастап 15.06.2022 ж. дейін	Оңтүстік аймақ (Түркістан облысы)	Бу-газды қондырғысы	926,5	16 299 800	2026 ж.	7 226 890 000	926 500 000
<i>Қағидалардың 5-1-тармағына сәйкес</i>									
30.09.2022 ж.	10:00 сағат	16.08.2022 ж. бастап 30.08.2022 ж. дейін	Сотүстік және Оңтүстік аймақтар	*	550	9 798 700	2025 ж.	***	**

Ескертпе:

* – Қағидалардың 52-тармағына сәйкес жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдар генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салу кезінде электр энергиясын өндіру үшін судың гидродинамикалық энергиясын және (немесе) газды пайдаланатын жобаларды іске асырады (5-баған).

** – Қағидалардың 96-тармағына сәйкес электр қуатын сатып алу шартын орындауды қаржылық қамтамасыз етудің үлестік мәні 1 000 000 (бір миллион) теңге/МВт құрайды (жеңімпаз айқындаған аукциондық сауда-саттыққа қатысушылардың электр қуатының әзірлігін ұстап тұру жөніндегі көрсетілетін қызметтің көлемі 10 000 000 х).

*** – Аукциондық сауда-саттыққа қатысушылар беретін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтердің көлемдеріне қарай, МВт (1 МВт х 7 921 150 (алдын ала ТЭН есептеулерінен)).